

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Таным мен сезім





**Мақсаты:** әдебиеттегі таным мен сезімнің маңыздылығын ұғындыру, когнитивті әдебиеттанудың негіздерін үйрету, эмоцияның адам психологиясын ашудағы қызметіне сипаттама беру.

**Кілт сөздер:** таным, сезім, дене бітімі, ми, ақпарат, түсіну, метафоралылық.

Бүгін біз әдебиеттегі таным мен сезімнің орны туралы сөз қозғаймыз. Бір қарағанда, қарапайым ұғым-түсініктер секілді көрінгенімен, әдеби мәтіннің танымдық және сезімдік қасиет-бітімін таразыға салу үлкен дайындықты қажет етеді.

Ең алдымен, әдебиеттің танымдық тұғырына тоқталайық. Бұл өзі күрделі, пәнаралық байланысы күшті саланың санатына жатады. Көркем шығармадағы танымға қатысты бірліктерді ғылымда когнитивті әдебиеттану деп аталатын ғылыми пән арнайы зерттеу нысанына алады. Когниция дегеннің өзі «таным» деген сөз. Когнитивті әдебиеттану когнитивті ғылым шеңберінде әдебиетті зерттеудің ғылыми бағыты, тұжырымдамалық аппараты болып саналады. Когнитивті ғылымда бірнеше ғылыми саланың мүмкіндіктері қатар пайдаланылады. Онда адам баласының білім мен ақпаратты қабылдауы мен оны қайта өңдеу үдерістері талданып, өзіндік ерекшеліктері сараланады. Когнитивті ғылым XX ғасырдың 50-ші жылдарында философия, антропология, нейробиология, лингвистика, жасанды интеллект және психология сынды ғылым салаларының аясында пайда болды. Ал 1970 жылдары аталмыш ғылыми бағыт кеңейіп, Когнитивті ғылым қоғамы құрылды әрі «Когнитивті ғылым» деп аталатын арнайы ғылыми журнал жарық көре бастады. Мұндағы орталық орынды ойлау жүйесі, ми және компьютер арасындағы үшқырлы ұқсастық алады. Аталмыш ғылымның өзіндік қалыптасып үлгерген концептуалдық және терминологиялық аппараты бар. Алайда әдебиеттану ғылымында оның тек бір ғана бөлігі қолданады. Когнитивті әдебиеттанудың басты міндеті сол, ол көркем шығарманы ақыл-ойдың жемісі ретінде санап, оның танымдық негіздерін ашуды көздейді. Оның мақсаты ойлау жүйесінің құрылымдары мен сөйлеу жүйесінің құрылымдарының арасындағы байланысты айқындау болып саналады.

Жалпы, постструктуралистік және структуралистік поэтикамен салыстыра қарағанда, әлі де болса когнитивті әдебиеттанудың теориясы толыққанды қалыптасып үлгерген жоқ деуге болады. Дегенмен қазіргі әлемдегі басым әдеби-теориялық зерттеулердің бір парасы осы бағытта жасалып, қарқынды түрде дамып жатыр. Соған қарамастан, когнитивті әдебиеттану ғылымының мынадай әмбебап белгі-қасиеттерін айтуымыз керек:

Бірінші, ғылыми методологияның эмпиризмі;

Екінші, әдебиет пен нейробиология, физиология және психология сынды қазіргі заманғы ғылымдар арасындағы мазмұндық ұқсастықтарды іздеу.

Үшінші, интерпретациялық тұрғыдан талдау.

Төртіншіден, адамның биологиялық дене бітімі тәжірибесінің ойлау жүйесіне белгілі бір деңгейде түр үстеп немесе қандай да бір шектеу қоюы мүмкін екенін растайтын идеяны алға шығару.

Сонымен қатар, әдеттегі дәстүрлі әдебиеттану ғылымында қолданылатын метафора, повесть, тарих сынды терминдердің көбі ойлау жүйесінің әмбебап механизмдерінің сырын ашып беру үшін негізгі ұғымдар ретінде когнитивті әдебиеттануда пайдаланылады. Сондықтан да көптеген когнитивтік зерттеулермен айналысатын ғалымдардың еңбектерінде ойлау жүйесі әдеби шығармалар арқылы зерделенеді. Сондай-ақ, әдеби мәтін адамның ойлау жүйесінің жемісі ретінде қарастырылады. Метафоралылық секілді әдеби құбылыстар осы бағыттағы ғалымдардың кітаптарында басты назарға алынатын ұғымдарды бірі болды. Метафора туғызудың өзіндік ерекшелігін аталмыш ғалымдар тілдің функциясы мен жалпы ойлау жүйесінің өзара үйлес әрекетінің жемісі ретінде түсіндірді. Мысалы, Дж. Лакофф, М. Тернер сынды зерттеушілер күнделікті тұрмыс-тіршілімізде кезітетін поэтикалық формаларды анықтауға тырысты. Өзінің «Әдеби ойлау» деп аталатын еңбегінде М. Тернер когнитивті үдерістер кезіндегі баяндаудың орны туралы жазды.



Ал М.Т. Крэйн өзінің «Шекспирдің миы» деп аталатын кітабында когнитивті ғылымның басты тұжырымдарын дәлелдеу үшін әдеби мәтіндерді қолданды. Ол адамның тұла бойының ойлау жүйесінің дамуына жасайтын ықпалы мен танымдық құрылымдардың қалыптасуына тигізер әсерін әйгілі жазушының шығармашылығындағы кейіпкерлер жүйесі арқылы ашып беруді құп көрді. Бұл дегеніміз, біздің ойлау тәсілдеріміз тұла бойымыздың негізгі фактілерімен шектелгенін көрсетеді. Мысалы, біз үшін артқа қарай жүргеннен гөрі алға жүру әлдеқайда оңай. Сонымен бірге, көзіміздің тұла бойымыздың жоғарғы бөлігінде орналасуы да ойлау жүйемізге әсер етпей қоймайды екен. Тіл мен мән-мағына тұла бойымыз бен айнала қоршаған ортаның, мәдениет пен мидың өзара тығыз қарым-қатынасы негізінде дүниеге келеді.

М. Крэйн Шекспирдің алты пьесасын талдау нысанына алып, оның бәрін когнитивтік тұрғыдан түсіндіріп береді. Олардың әрқайсысында конструкциялар мен категориялар торының сыртқы көріністері байқалады, солардың көмегімен сана мән туғызады. Сонымен бірге, қарастырылған пьесалардың кез келгені сол дәуірдің идеологиялық комплекстерін танытатын әрі полисемантикалық категорияларды белгілейтін сөздер мен сөздер тобының негізінде жазылған. Осылайша, талдау мәнінің мәдени және когнитивтік детерминанты арасындағы күрделі қатынасты ашып береді. Сондай-ақ, М. Крэйннің теориясы когнитивтік ғылымға да, мәдени материализмге де сәйкес болып шығады.

Р. Шнейдер, Дж. Геррига және Д. Альбриттон секілді ғалымдардың еңбектерінде келтірілген әдеби кейіпкерлердің когнитивтік теориясы ментальді репрезентацияларды зерделеуге бағытталған. Ал Г. Стиннің еңбектерінде жазылған әдеби метафораның теориясы когнитивтік әдебиеттану ғылымында оқырмандардың көркем шығарманы қабылдауын тәжірибелік тұрғыдан зерделеп бергендігімен құнды.

Когнитивтік ізденістердегі аса маңызды бір арна әдебиеттану ғылымының тарихы мен мәдени зерттеулердегі когнитивизмнің орнын анықтау болып саналады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, көркем шығарманы танымдық тұрғыдан таразыға салу үрдісі гуманитарлық бағытта жүргізілетін зерттеулерде үстемдікке ие болған постструктурализм идеяларына ықпал етеді. Егер өзіміз өмір сүріп отырған физикалық әлемді дұрыстап танығымыз келсе, онда мәдениетке жүгінуімізге тура келеді. Сөз бен бейне – ойдың жарыққа шыққан өнімдері. Сөз бен ойдың өзара қатысты екені айтпаса да түсінікті. Ал енді олардан туған сезімдер мен идеялар да физикалық сипатқа ие екені даусыз. Сөздер мен көрнекі бейнелер мида әртүрлі реакциялар тудырып, оның белгілі бір бөліктеріне қозғау салу арқылы әсер етеді. Мәдени-рухани ықпалдың бәрі де мидың ішкі бөліктерінің аумағын кеңейтіп, оның физикалық құрамын қайта қалыптап отырады. Мысалы, домбыра шерту сіздің миыңызға ерекше әсер етпей қоймайды. Сонымен бірге, математикалық есептер шығару да аз ықпал етпесі анық. Тіпті көлік жүргізушісі болсаңыз да миыңызда алуан өзгерістердің орын алатыны ақиқат. Адам өмірінің әлеуметтік, мәдени және көрнекі өлшемі біздің денеміз бен танымымыздың дамуы үшін айрықша маңызды болып саналады. Тәрбие тағылымдарынсыз мінезді түзеу мүмкін емес. Біз физикалық болмыс ретінде өзіміздің ішкі әлеуетімізді толық пайдалану үшін мәдени және әлеуметтік үрдістердің көмегіне зәру боламыз. Біз осылайша мәселеге биологиялық қырынан келсек, ментальді ұғым енді танымдық қызметтің маңызды белгісі ретінде көрініс табады. Бір жағынан, оның бәрі азаматтық мінез-құлық пен теріс сезімдерді бақылау үшін де қажет. Біздің ментальді ұғымдарды соқыр сенім сияқты тумысымыздан бар эмоциялық әсерлерге қолдануымыз табиғатымыздағы оғаш нышандарды тізгіндеп, басып отыруымызға көмектеседі. Санадағы ұғымдар тек мәдени мәнде ғана емес, сонымен бірге нейробиологиялық тұрғыдан да өмір сүріп, біздің адами болмысымызды бүтіндеп тұрады.

Сөз өнері, әдебиет – физикалық құбылыс. Себебі ол бейнелі сөздің қағаз бетіне қонған нұсқасы болып саналады. Дегенмен оның аталған қасиетін танытатын тағы бір белгісі біздің болмыс-бітіміміздің танымдық үрдістерін көрсетуінен білінеді. Когнитивтік теорияның өкілдері біздің танымымыздың тұла бойымызбен біте қайнасып кеткенін айтады. Өйткені ол жоғары / төмен және ілгері / кейін секілді кеңістік өрісіне сүйенеді. Бұл сипаттар денеміздің кеңістікте қалай қозғалып, қалай тіршілік етуіміз керектігін нұсқап тұрады екен. Ойдың физикалық сипатын біздің пост-идеалистік әлемімізде талдау мүмкін емес.

Біз бұған дейінгі дәрістерімізде «Лир патша» туындысын талдау нысанына алған болатынбыз. Керекті мысалды сол пьесада тауып, кейбір теориялық тұжырымдарды түсіндіру үшін



де Шекспир шығармасына арқа сүйедік. Бүгінгі тақырыбымызға қатысты мысалдарды да осы пьесада табуға болатын секілді. Өйткені әдеби мәтіндер, әсіресе, классикалық шығармалар сан қырлы саланы қамтитындығымен де ерекшеленеді. «Лир патша» да осы санаттағы әдеби туындыға жатады. Ол саяси мәселелерден бастап өз дәуірінің гендерлік түйткілдеріне дейінгі аралықтағы сан алуан мәселені қаузады. Алайда когнитивті әдебиеттанудың өкілдерінің, атап айтқанда, Дональд Фрименнің пікірінше, Шекспирдің аталмыш пьесасы когнитивті талдау нысанына ілігуге лайық туынды. Өйткені, онда танымдық үрдістер мен ойлау жүйесінің өзіне тән белгі-сипаттары тұнып тұр. Онда дененің «тепе-тең» күйдегі негізгі сұлбасын автор когнитивті метафоралармен бейнелейді. Аталмыш көркемдеу тәсілі пьесадағы кейіпкерлердің бір-бірімен байланысын көрсетеді. Лир өз қыздарына берген сыйдың қарымтасы есебінде адал сезім мен құрметті талап етеді. Сөйте тұра, ақыр аяғында оның орнына басқа әрекетке итермелейтін бөгде бір ишаралы «қарым-қатынасты» үйренуге мәжбүр болады. Өмірдің ащы сабағы Том тәрізді арсыз адамдармен қарым-қатынас жасауға итермелейді. Сонымен бірге, мұндай тәжірибе кезінде өзі қуып жіберген қызы Корделиямен қалай табысудың жолын да үйретеді. Пьесаның сюжеті бірнеше бағытта қатар өрбиді. Дегенмен соның бірі тұла бойына сіңген бір когнитивті метафорадан екіншісіне ауысуын білдіреді.

Жалпы, эмоциясыз көркем әдебиеттің болуы да мүмкін емес. Сезімімізге әсер етіп, ерекше күйге бөлейтін шығарманың құны қашанда жоғары болмақ. Байыптап қарасақ, соңғы жылдары әдебиет теориясы адам эмоциясына ерекше ден қойып, бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп назар аударатын болғанын байқау қиын емес. Ғылыми тұрғыда сезімдік мәселелерді зерделеу қазіргі әдебиеттану ғылымы үшін маңызды арнаның бірі болып отыр. Ал осыдан бар-жоғы ондаған жыл бұрын ғана әдеби зерттеулер қатаң түрде ер адамның идеалына үстемдік беріп, сезімдік күйлерді «жалған» деп, салмақты әңгімеге арқау ете бермейтін еді. Біздің өмірімізде сезімнің алар үлесі айрықша зор. Тіпті сезімсіз біз адами болмысымыздан айырылып қалар едік. Сезім, сондай-ақ, таныммен бірге тәуелсіз әрекет етеді. Кейде бойымызды еріксіз алабұртқан сезім жайлап алғанда, мәселен, ұят отына өртенгенде, физикалық эмоция толқынының танымдымызды қаншалықты шектеп тұрғанын түйсінеміз. Бұл өз-өзімізді саналы түрде бақылай алмайтынымызды көрсетеді, яғни кейде сезім ақылдың ырқына көнбей кетеді. Эмоция әрдайым әдебиеттің өзегінен берік әрі бұлжымастай орын тепкен. Ахиллестің азасы мен Антигонаның мызғымас перзенттік адалдығынан Кэтрин Эрншоның Хитклиффке ынтық сезімі мен Джэй Гэтсбидің Дэйзи Бьюкененге деген құштарлығына дейін өрбитін туындылар сезімге тұнып тұр. Сезімді тізгіндеу қабілеті – адамзат мәдениетіндегі игіліктің тұрақты өлшемі. Сонымен бірге, ақыл мен құмарлық арасындағы күрес діни мәтіндерден ойып тұрып орын алған. Бұл жайт Батыстың әдеби дәстүріне қатты ықпал етті. XIX ғасырдың басында Батыс Еуропаның руханиятында ойып тұрып орын алған романтизм әдеби ағымына тән қасиеттің бірі эмоция адам тәжірибесінде маңызды мәнге ие деген сенім болатын. Романтизм дәуірінен кейін қалам тартқан Натаниэль Готорн үшін демократиялық саясаттың негізін адамға жанашыр мінездің «ұлы жүрегі» құрады. Бұл сезім барлық адамды тең дәрежеде бір шаңырақ астында біріктірді.

Сонымен бірге, эмоцияны зерттеу нысанына алу әдебиеттану мен нейроғылымның өзара байланысының күшеюіне сеп болды. Ендігі кезекте когнитивті әдебиеттің өкілдері үрей сезімі секілді айқын эмоцияның мидың бадамша бөлімінен бас көтеретінін біледі. Мұндай сезімді бейсаналы немесе ырықсыз туатын теріс эмоция әсерінен танимыз. Мұндай әсер, әдетте, лап етіп бір сәтте шыға келеді. Кейбір адамдар тіпті оны қадағалауға қабілетсіз келеді. Себебі оны бақылайтын мидың арнайы бөлігі барлық адамда бірдей жетілмеген. Ал енді кей адамдарда мидың алдыңғы қатпары жақсы дамыған болады. Сондықтан, ондай санатқа кіретін адамдар өз сезімдерін күштірек басқара алады. ал енді мидың жоғарыда аталған белдеме қатпары кішірек, есесіне мишық бадамшасы үлкен адамдар үрейге көбірек ұрынатын көрінеді. Өйткені, бадамша бөлігі бейсаналы теріс эмоция әсерін тудырады екен. Бір қызығы, мәдениет зерттеушілері мидағы ырықсыз теріс эмоция әсерін бірден тежейтін механизмді ментальді көрініске теңейді. Ол бейсаналы әсердің орнына бейнелі көріністі қойып, ырықсыз мінезге тұсау салады. Шын мәнінде біздің туа бітті мәдениет пен құбылысты таңбалау («semiosis») қабілетіміз сезімімізді реттеп, басқалармен адам сияқты байланыс құруымызда маңызды



қызмет атқарады. Мәдениет – біздің бейне, түсінік және белгі жасау қабілетіміз. Ол адамзат тарихында әлеуметтен кейін пайда болған жоқ, қайта оған жол ашты.

«Лир патша» пьесасына тағы да оралайық. Аталған шығарма адамның дене бітімін де біршама толымды суреттейтін туынды. Кей тұстарында кейіпкерлер жалаңаштанып та қалады. Әйел тәні турасындағы ыңғайсыз жайттар да айтылмай қалмайды. Когнитивті әдебиеттің теориясы тұрғысынан алып қарағанда, бұл шығарма инверсия тәсілін де қамтиды. Ондағы басты инверсиялардың бірі – ақыл мен сезім. Бірінші көріністегі алдыңғы сөз оралымдары сюжет барысында үлкен өзгерістердің болатынын аңдатады. Қыздары Лирді тақтан тайдырып, патша бейшара жағдайға тап болады, ізгі Кент сарайдан қуылады, қайырымды Глостер азап тартып, екі көзінен айырылады, Эдгар мәртебесін жоғалтып, қуғынға ұшырайды. Мұның бәрі Лирдің өз-өзін билей алмай, қомағай ниетіне ерік беруінің, сараңдығы мен сабырдан жұрдай атаққұмарлығының салдарынан туды.

Мәселен, Шекспирдің «Гамлет» сынды пьесасында айтылғандай, бізді адам қылып даралап тұрған нәрсе құмарлықты ақылмен билейтін мінезіміз. Ал «Лир патшада» мұндай құндылықтар аяқ асты етіледі. Осы жайт Кент Лирдің бетіне келіп, оның Корделияны қуып жіберуіне қарсы тұрған кезде байқалады. Ол патшаны «ақымақсың» және «көрсөқырсың» деп айыптайды. Кенттің ұсынған қағидасы патша өз сезімін ырқына билетуі тиіс деген оймен түйінделеді. Өзін билей алмау – әйелге тән қасиет, олай болса, мұндай мінез ізгілік ережесі бойынша Ренессанс дәуіріндегі патша атына лайық емес.

Міне, осы секілді ақыл мен сезімнің шарпысуынан туған әртүрлі ситуациялардың шынайы мәні көркем әдеби шығармаларда жан-жақты ашылады. Оны тану үшін біз танымдық және сезімдік тұрғыдан талдауға тиіспіз. Ал бұл қазіргі ғылымдағы жаңа пәнаралық зерттеулер аясында анықтауды қажет ететін мәселелер санатына жатады.

### Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Когнитивті әдебиеттану ғылымының зерттеу нысанына нелер жатады?
2. Шығарманы танымдық тұрғыдан талдаудың әдіс-тәсілдерін жасаған көрнекті ғалымдарды атаңыз. Олардың қандай еңбектерін білесіздер?
3. Әдебиет тарихындағы қай ағым (не әдіс) адам эмоциясына ерекше мән берді?

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Әмірбекова А.Б. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттар / Әмірбекова А.Б.; Жауап.ред.: Н. Уәли. – Алматы: Елтаным баспасы, 2011. – 204 б.
2. Когнитивная наука и интеллектуальная технология: Реферативный сборник / Отв.ред. А.И. Ракитов; АН СССР Ин-т научной информации по общественным наукам. – М., 1991. – 01 р. 23 к.
3. Язык. Культура. Общение: Сборник научных трудов в честь юбилея заслуженного профессора МГУ им. М.В. Ломоносова С.Г. Тер. Минасовой / Отв.ред.: Г.Г. Молчанова. – М.: Гнозис, 2008. – 540 б.